




COVID-19

3 “Денсаулықтың қадірін енді ұқтым!”



АЙБЫН

5 Шекара шебінде шындалған



ЖЕҢІС – 75

7 Өртеңге біткен құрақтай



АБАЙ – 175

8 Абай – дана, Абай – дара қазақта



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев:

Еліміз бұл қиындықтан шыңдалып шығады

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіздің Президент ретіндегі алғашқы сұхбатыңыз бытыр «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған еді. Ең алдымен, қазіргідей күрделі кезеңде ой-толғамдарыңызды тағы да біздің газетіміз арқылы оқырманға жеткізуге келісім бергеніңіз үшін алғыс білдіреміз.

– «Егемен» – елдің үні, ұлттың мінбері. Қазақ тарихының жүз жылдық жылынамасы. Сондықтан бас басылым арқылы ел-жұртпен тілдесудің маңызы зор.

– Ендеше, сұхбатты бастайық. Өткен аптада коронавирус індетіне қатысты мәлімдеме жариялап, жұртшылықты толандырған көптеген мәселені ашық айттыңыз. Осыған дейін де телевизия арқылы үндеу және мәлімдеме жасаған болатынсыз. Жалпы, еліміздің қазіргі жағдайын қалай бағалайсыз? Бұдан кейінгі бағыт-бағдарымыз қандай болмақ?

– Пандемия бүкіл әлемнің қалыпты тіршілігіне айтарлықтай әсер етті. Індеттің салдарынан дүние жүзінде экономикалық белсенділік күрт төмендегенін көріп отырсыздар. Шикізат бағасының құлдырауы экономикалық жағдайды қиындататыны анық. Халықаралық валюта қорының пайымдауынша, биыл әлемдік жалпы ішкі өнім едәуір төмендейді. Өрине, мұндай дағдарыстан кейін экономиканы қалпына келтіру оңайға түспейді. Шұғыл әрекет етпесе, әлемдік рецессия күрделене бермек. Сондықтан шамасы жететін елдер өз азаматтарына қолдау көрсету үшін нақты жұмыстар жүргізуде.

Біз Қазақстанда төтенше жағдайды дер кезінде жарияладық. Осындай шаралардың арқасында вирустың жаппай таралуына жол бермей, қоғамдағы тұрақтылықты сақтап отырмыз. Дағдарысқа қарсы шаралар үшін 6 триллион теңгеге жуық қаржы бөлінгенін білесіздер. Ең алдымен, жұмыссыз қалғандарға 42 500 теңге мөлшерінде төлем жасауды ұйғардық. Жалпы, 4,2 миллион адам бұл көмекті алды. Оны екінші айда да жалғастырамыз. Бұдан бөлек, 1 миллиондай мұқтаж жан азық-түлікпен және қажетті заттармен қамтамасыз етілетін болды.

Осындай күрделі кезеңде халыққа көмек көрсетілімесе, мемлекеттілігімізге сын емес пе?! Өрине, ақша таратып берумен ахуал түзелмейді. Дағдарыс жағдайында кешенді әрі жүйелі шаралар ұйымдастырған абзал. Ең алдымен, жастарды жұмысқа орналастыру керек. Сондықтан 250 мыңнан астам жұмыс орны ашылады. Өр өңірде инфрақұрылымдық және инженерлік жобалар, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандары бар. Міне, жұмыссыз қалғандарды соңардың құрылысына, жөндеу жұмыстарына жұмылдырудамыз.

Уақытша қиындыққа тап болған 1,6 миллион кәсіпкердің несиесін қайтару мерзімі кейінге шегерілді. Мұндай шара іскер азаматтарды қолдау үшін қажет. Сондай-ақ «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасының қаржысы 1 триллион теңгеге дейін көбейтілді. Бұл қаражат жаңа жобаларды қайта қаржыландыруға, жеңілдік шарттарымен несие беруге жұмсалды. Кәсіпкерлер үшін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер мерзімі ұзартылды. Зардап шеккен шағын және орта бизнес өкілдері еңбекақы төлеу қорының міндетті төлемінен алты айға босатылды.

Ерекше атап өтер жайт, карантин кезінде азаматтарымыз оқшаулануға тез бейімделді. Көптеген кәсіпорын мен мекеме қызметкерлерін қашықтан жұмыс істеуге көшірді. Қоғамның жана үрдістерге дайын екенін осыдан-ақ аңғаруға болады.

Жалпы, Қазақстанның стратегиялық бағыт-бағдары айқын. Елбасы бұл мәселе жөнінде Қауіпсіздік кеңесінің отырысында нақты атап көрсетті. Кез келген дағдарыс тың бастамаларды туындатады. Өрине, осы кезеңнен сабақ алып, осал тұстарымызды жетілдіріміз керек. Егер індет өршіп кетпесе, 11 мамырда төтенше жағдай режимі аяқталады.

– Мәлімдемеңізде айтылғандай, қазіргі ахуал бүкіл әлемге оңай тиіп отырған жоқ. Қысылтаяң кезеңде доллар бағамы өсіп, төл теңгеміз құнсыздана түсті. Пандемиядан кейін теңгенің бағамы тұрақтанып, қалпына келуі мүмкін бе?

– Басқа елдердің валюталарымен қатар біздің теңгеміздің де құны кеміп кеткені рас. Осыған орай, Үкімет пен Ұлттық банк жағдайды тұрақтандыру үшін нақты шаралар қабылдады. Мен квазимемлекеттік секторға экспорттан түсетін табыстың бір бөлігін ішкі нарықта сатуды тапсырдым. Сондай-ақ олар шетел валютасындағы депозиттерін еліміздің қаржы жүйесіне қайтаруда. Бұл қаражат нақты жобаларға жұмсалды. Осы және басқа да шаралар доллар тапшылығын болдырмау үшін жасалып отыр.

– 2-бет.

● ПРЕЗИДЕНТ

МЕРЕКЕДЕГІ МАРАПАТ

Мемлекет басшысының Жарлығымен бірқатар әскери және құқық қорғау саласының қызметкерлері мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Отан қорғаушылар күні қарсаңында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен әскери және қызметтік борышын атқару кезінде, адам өмірін сақтап қалу үшін батылдык пен жанқиярлық көрсеткен, сондай-ақ, елдің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз етуге, заңдылықты және қоғамдық тәртіпті сақтауға елеулі үлес қосқан әскери қызметшілер мен құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдардың қызметкерлері Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапатталды.

Олардың ішінде:

І дәрежелі «Даңқ» орденімен – ҚР Бас Прокуратураның орынбасары Марат Ахметжанов;

II дәрежелі «Даңқ» орденімен – ҚР Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Марат Қожаев;

II дәрежелі «Айбын» орденімен – ҚР Ішкі істер министрінің департамент бастығы Санжар Әділов, ҚР Мемлекеттік күзет қызметінің Президент күзет қызметі бастығының орынбасары Сәкен Исабеков, ҚР Қорғаныс министрі бөлім командирінің орынбасары – 14776 әскери бөлімі орталығының бастығы Рахат Қарсембаев, ҚР Қорғаныс министрінің Бас инспекциясы әскерлердің жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігі мен даярлығы инспекциялық басқармасының бастығы – Бас инспекция бастығының орынбасары Төлеуқан Нұрқанов, ҚР

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бас қарма

бастығы Александр Пеньков;

III дәрежелі «Айбын» орденімен – Мемлекеттік күзет қызметі Айрықша мақсаттағы күштерінің «Айбын» Президенттік полкінің I-санатты маманы Ғалымжан Әліев;

«Құрмет» орденімен – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Үкіметтік байланыс қызметінің директоры Тәмерлан Жұмағалиев;

«Ерлігі үшін» медалімен – ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) аса маңызды істер жөніндегі офицері Айдос Бесжанов, Ішкі істер министрінің Нұр-Сұлтан қаласы полиция департаментінің Сарыарқа аудандық полиция басқармасының учаскелік инспекторы Ерлан Жанабаев, ҚР Қаржы министрінің Қаржы мониторингі комитеті Жедел департаментінің аға жедел уәкілі Мирас Құрбанов, ҚР Ішкі істер министрінің Нұр-Сұлтан қаласының төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және апаттық-құтқару жұмыстары қызметі №17 өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі Сергей Мазур;

«Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен – ҚР Қорғаныс министрінің кадрлар департаментінің офицері Шолпан Тауышова, ҚР Қорғаныс министрінің 44813 әскери бөлімі С-300 зениттік зымыран дивизионының командирі Александр Томилін марапатталды.

Барлығы 45 адам ордендермен, 53 адам медальдармен және 3 адам Қазақстан Республикасының Құрмет грамоталарымен наградалды.



ҰЛЫ МҰРАТ ЖОЛЫНДА

Алтай мен Атыраудың арасындағы Ұлы дала – бүтінгі ұрпақтың игілігі. Отанына арқа сүйеген ер үшін туған жерден киелі ұғым жоқ, Ата-бабасы ат тияғын тозырып сақтап қалған атамекенін қорғауды әр азамат парыз санайды. Ұрпағының жадына батырлар жырын құйып, «Отан үшін отқа түс», «Орағың өткір болса, қарың талмайды, Отаның берік болса, жауың алмайды» деп тәрбиеленгенде бір ғана мақсат көздегені айқын. Ол – бейбіт заманда да, ел басына күн туғанда да ел қорғаны болуға дайын тұру.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы».

Отан қорғаушы! Бұл – кәмет жасына жеткен жігіттің барлығына айтылатын теңеу. «Отан» деген ұғымның аясына отбасы, ата-анасы, достары, туған жері, өскен ұясы – бәрі-бәрі сыятынын осылайша ұғындырады. «Отан қорғаушы болдың» деп аманат артып, міндет жүктейді. Патриоттық тәрбие берудің бір құралы – кино десек, кенестік кезеңдегі «Офицерлер» фильмі еске түседі. Бас кейіпкер айтатын

«Отанды қорғау» деген мамандық бар» атты тіркес – жарты ғасырдан бері экраннан түспей келе жатқан туындының өзегі. Соғыстың бетін әрмен қылсын, бірақ бүгінгідей әрбір офицердің, әскерде міндетін өтеп, запасқа шыққан әскери міндеттілердің, әрбір ер азаматтың мерекесінде олардың «Отанды қорғау» деген мамандыққа адалдығы үшін алғыс айтамыз.

– 4-бет.

● ЖӨН СӨЗ

БІРГЕ БОЛСАҚ, БҮТІНБІЗ



Серік ДҮЙСЕНБАЕВ, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

– 3-бет.

● COVID -19: МАМАН МІНБЕРІ

КАРАНТИНДІК ШЕКТЕУ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕНІМЕН, БОСАҢСУҒА БОЛМАЙДЫ



Әлия ӘБДІҚАЙЫМОВА, облыстың бас мемлекеттік санитарлық дәрігері.

– 3-бет.

COVID-19 вирусы – адамдарда осы уақытқа дейін анықталмаған коронавирустың жаңа штамы.

Бұл жұқпаның белгілері басқа респираторлық аурулардың симптомдарына ұқсас және түпсізді, жөтелу, осы ауруды жұқтырған адаммен байланыста болу арқылы тарайды. Аурудың ауыр түрі егде жастағы, сонымен қатар ағзасында басқа да патологиялары бар адамдарда кездесуі ықтимал.

ЖӨН СӨЗ

Бірге болсақ, бүтінбіз

Бұл қазіргі кезеңдегі ең керекті шарт. Рас, егін шаруасымен айналысатындар мен қажетті мекемелер, кәсіп иелері жұмысын жалғастыру үстінде. Оларға қатысты арнайы ереже бар. Өкінішке орай, олардан да бөлек көшедегі ағылып жатқан көлік легі саябырсымай тұр. Таксилетіп жүргендер де көп. Егер біз кеселдің бетін қайтарамыз десек, алдымен тәртіпке бағынуымыз керек. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеуіміз» қажет.

Осыдан біраз уақыт бұрын мені облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қабылдап, елімізде орын алып жатқан жағдайға байланысты ой бөлісті. «Қай заманда да үлкенін сыйлап, құрметтеген халықпыз. Өкінішке қарай, қариялармен жүзбе-жүз кездесіп, пікірлесудің сәті түспеді... Дәл қазір ол кісілерге үйден шықпай, денсаулықтарын сақтағаны жөн. Ардагерлерімізге менің сәлемімді жеткізерсіз», — деп қарттардың амандығына да алаңдаған болатын.

Ардагерлер кеңесіне қарасты облыс көлемінде 723 бастауыш ұйым, оның 74 мыңға жуық мүшесі бар. Мен сол ардагердің көбімен телефон арқылы байланысып отырамын. Олардың жағдайын білемін, ауылдың амандығын сұраймын. Елдің арқасына осындай салмақ түсіп отырғанда қариялар да қарап жата бермей, елді бірлікке шақырып, ауырлыққа бір нығын тосқандай ақыл-кеңестерін айтып, көпшілік көңіліне жігер беріп келеді. Олар — бір-бір әулеттің алтын дінгегі. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» дегендей, үлкендердің сөзі — кейінгілер үшін аттап кете алмайтын ар сөзі. Осы тұрғыдан алғанда дерттен қорғануға қатысты ардагерлердің ортақ мүддеге қосып отырған үлесі бары анық.

Жақында «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «...Осындай кезде, ең алдымен, не нәрсеңіз аса бағалы екенін түсіндік. Бұл — адамның өмірі, адами қарым-қатынастар, азаматтардың денсаулығы, қоғамның береке-бірлігі. Бір-бірімізге қолдау көрсетудің қаншалықты маңызды екенін де аңғардық. Қалған дүниенің бәрін біртіндеп ретке келтіруге болады», — деген ойын айтты.

Шын мәнінде алдағы уақытта таразыға түсетін мәселенің бірі — не нәрсеңіз аса бағалы екенін адами ақыл тұрғысынан сезіну болмақ. Біздің жұртымыз кешеге дейін ысыраптан тыйылмай, аста-тек жиындарды жақсы көріп келді. Қарыз алсақ та, той-томалақ жасаудан тосылған жоқпыз. Ал, мына дерт адамдардың көп нәрсеге байыппен қарау керектігін еске салды. Еңбек етіп, бірлік сақтап, өмір сүрудің берекесі мол. Басқасы біртіндеп бола береді. Ол үшін бір болуымыз керек.

«Тәртеу түгел болса, төбедегі келедінің» терең мәні бар. Қазақтың «төбе» деп отырғаны — Жаратушыны мегзеуі. Құдіреті күштінің өзі бірлікке береді екен. Біздің ата-бабаларымыздың мың өліп, мың тіріліп, бар қиындықты жеңу сырында сол бірлік бекемдігі жатыр.

Сондықтан, ардақты сырбойылықтар, мына қиындықты бірлесіп жеңілдетіп, қолдасып көтерейік, мұнан әрі жайылуына жол бермейік.

Мен бұған дейін де баспасөз арқылы көпшілікке өз сөзімді арнаған едім. Бүгінгі сәтті де пайдаланып, шынайы ойымды жеткіздім. Оған қоса халықтың қамын жеп жүрген дала қостарындағы еңбеккерлерге, өзгенің жаны үшін өз жанын шүберекке түйген дәрігерлерге, күн-түні жарғақ құлағы жастыққа тимейтін құқық қорғау қызметкерлеріне, атқамінер азаматтарға Сырдың абыз қарттарының атынан алғыс білдірім келеді. Ел аман болсын.

1-бет.

МАМАНДЫҚҚА АДАЛДЫҚ

Өлшеусіз еңбек иелері

— Біз «Қызылорда» қонақүйіндеміз. Жұмысқа барып-келуіміз, уақытылы тамақтануымыз, қажетті құрал-жабдықтар мен киім-кешектеріміздің барлығы қамтамасыз етілген. Осында көпбейінді облыстық аурухана мамандары бізге қызмет көрсетіп жатыр. Тіпті жұмыстан шаршап келгенде олардың бір ауыз жылы сөзі сергітіп тастайды. Ел де алғысын айтып жатыр. Түсінгенім: қоғамға өзіңнің керек екенінді сезіну бақыт екен, — дейді Алмагүл Шәмшатқызы.

Дәулет ҚЫРДАН, «Сыр бойы».

Алмагүл Исабекова жырмаң жылдан бері облыстық фтизиопульмонологиялық орталығында жұмыс істейді. Мамандығы — мейіргер. Осынша жылғы тәжірибесін сынға салып,



ел үшін қауіпті індетпен күрестің бел ортасында жүр.

Қонақүйдегі қызметті көпбейінді облыстық аурухана мамандары қолға алған. Бұл жерде аға мейіргер Жібек Ибраева басшылық жасайды. Вируспен күресте тікелей атсалысып жатқан облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің карантиндік 5-ші корпусында қызмет етіп жатқан көпбейінді қалалық аурухана және облыстық фтизиопульмо-

нологиялық орталығының қызметкерлері осында орналасқан. Олар жұмыстан кейін осында келеді. Бір жарым ай бойы отбасымен қауыспағандар да бар.

— Барлығы шаршап келеді. Тіпті психологиялық тұрғыда шаршайтындар бар. Әдепкі кездері олар 12 сағаттап, тіпті кейде 24 сағаттап жұмыс істеді. Кейін бір жүйеге келген соң 8 сағаттық ауысымға көшті. Біз олардың барлығын күліп қарсы аламыз. Тікелейден тік тұрып, қызмет жасаймыз. Табалдырықтан бастап, хал-жағдайын сұрап, тексеруден

COVID-19: МАМАН МІНБЕРІ

Карантиндік шектеу жеңілдетілгенімен, босаңсуға болмайды

Сондай-ақ, уақытылы ем алмаған жағдайда аурудың асқынған түріне, әрі қарай өлімге соқтыруы мүмкін.

Жаһанды жайлаған бұл кесірілі кесел біздің елімізге, оның ішінде өңірімізге де жеткені белгілі. Осы жылдың 28 наурызында алғашқы науқас тіркелсе, 5 мамырдағы мәлімет бойынша індет жұқтырғандар саны 217-ге жетті. Оның ішінде 22-сі 14 жасқа дейінгі балалар арасында, алтауы 15-19 жас аралығындағы жасөспірімдер, қалған жағдайлар ересектер арасында тіркелді.

Вирус жұқтыру дерегі тіркелмей тұрып-ақ облыс шекараларында бақылау күшейтілді, сонымен қатар шетелден келгендер қатаң тексерілді. Коронавирус бойынша қауіпті елдер санатына жататын мемлекеттерден келген азаматтар бірден карантинге жатқызылып, бақылауға алынды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығы бойынша 16 наурыздан бастап елде төтенше жағдай енгізіліп, ірі сауда объектілерінің жұмыс істеуіне шектеу қойылды, сауда ойын-сауық орталықтарының, кинотеатрлардың, театрлардың, көрмелердің және адамдар көп жиналатын басқа да нысандардың қызметі тоқтатылды. Ойын-сауық, спорттық іс-шараларды, сондай-ақ той-томалақтарды өткізуге тыйым салынды. Алайда төтенше жағдай талаптарын сақтамай, салғырттық танытқандар да табылды. Дертке шалдыққандардың өз ауруын жасырып ғана қоймай, айналасындағылармен байланысты үзбеуі, ел тұрғындарының мемлекет қабылдаған шектеу шаралары мен ескертулеріне құлақ аспауы, халықтың қарапайым гигиена талаптарын орындамауы аурудың көбеюіне себеп болды. Наурыз мейрамы, туған күн, түрлі дәстүрлі той-жиындарды тойлауды жалғастыру инфекцияның бүрк еткен жағдайларына әкеп соқтырды. Жаңақорған, Шиелі, Сырдария (Амангелді) аудандарында аз уақыттың ішінде ауру санының өршуі — осыған дәлел. Коронавирус инфекциясының

1-бет.



нақтыланған 40-тан аса жағдайы бір ғана Ш.Қодаманов ауылында тіркелді және ол бір ауру көзінен таралды.

5 мамырдағы жағдай бойынша облыста 120 ошақ анықталып отыр. Бұл әлі де біздің бейқамдығымыздың, коронавирус індетіне қатысты қалыптасып отырған жағдайға салғырт қарайтындығымызды көрсетті.

Өңірде аурудың әрі қарай өршуіне жол бермей, шоғырландыру, тоқтату мақсатында облыс, қала, аудандардың бас санитарлық дәрігерлерінің Қаулыларымен карантиндік режимдегі шектеу шаралары енгізілді. Карантин аумағына кіру-шығу тәртібін реттеу үшін блок-бекеттер қойылды, қоғамдық тамақтану мен қоғамдық көліктер жұмыстарына шектеу жасалды, көшеде бей-берекет жүруге тыйым салынды, көліктің кез келген түрлерінің қозғалысына шектеу қойылды. Мұндағы мақсат — инфекцияны тасымалдау тізбегін кесу, ауруды шоғырландырып, жою. Осы орайда карантиндік шектеу шаралары өз нәтижесін бере бастады. Бұдан бөлек, қауіпті топтарды скринингтік тексеру, ауруды белсенді анықтау жұмыстары да басталып кетті. Осы жылдың 17 сәуірінен бастап скринингтік тексеруден 4131 адам өтіп, оның 0,31%-нен коронавирус инфекциясы анықталды.

Қолға алынған осындай жедел жұмыстардың арқасында ауру ерте анықталып, науқастармен қарым-

қатынаста болғандар карантиндік стационарларға уақытылы оқшау-ландырылып, аурудың басым көпшілігі жеңіл түрде өтуде. Барлығы толық және уақытылы ем алуда. Бүгінгі күні инфекциядан емделіп, қанағаттанарлық жағдайда үйлеріне шығарылғандар саны 140 адамға жетті, өлім жағдайы тіркелген жоқ.

Менің, яғни, облыстың Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 28 сәуірдегі №11 Қаулысымен халықтың тыныс-тіршілігін қалпына келтіру мақсатында экономиканың жеке-леген салалары бойынша шектеу шараларын кезең-кезеңімен жеңілдету жүзеге асырылуда. Қызметін қайта бастайтын салалар мен объектілер жұмысына күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режиммен рұқсат етіліп отыр. Әзірге ұжымдарда кез келген корпоративтік, көпшілік іс-шараларын, отбасылық (туған күн, үйлену тойы, құдалық, ауызшар, басқа да дәстүр мен әдет-ғұрып шаралары, т.б.) барлық жиындарға рұқсат етілмейді, яғни, көрші, туған-туыстарға қонаққа баруды шектей тұрған дұрыс.

11 мамырдан бастап эпидемиологиялық ахуалды ескере отырып, жеңілдетудің келесі кезеңі жүргізіледі. Соған байланысты жұмыс берушілер тарапынан сақтық шаралары күшейтілуі керек. Атап айтқанда, жұмыскерлердің жұмысқа кіруі кезінде қолды тері антисептиктерімен қамтама-

5 жағдай тіркелді, 140 науқас айығып шықты

Сәрсенбіде өңірде инфекция жұқтырғандар саны 222-ге жетіп, сауығып шыққандар саны — 140. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Әбдусметов мәлімдеді.

— Жаңадан тіркелгендердің біреуі скринингтен анықталса, төртеуі коронавирус жұқтырған науқаспен байланыста болған. Соңғы тәулікте барлығы 553 зертханалық сынама алына, оның 543-і теріс мәнді болды. Бес сынама оң мәнді, тағы бесеуі зерттелу үстінде, — деді басқарма басшысы.

Соңғы он бес күннің статистикасына қарағанда, вирус қарым-қатынас арқылы жұғуда. Сондықтан басқарма басшысы облыс тұрғындарын оқшауланып, шектеу шараларына мұқият болуға шақырды.

«СБ» ақпарат.

сыз етулерін, гигиеналық процедураның сақталуын бақылауы қажет. Қызметкерлердің жұмысқа шығуына күнделікті мониторинг жүргізіп, ЖРВИ, тұмау және басқа да вирустық ауруларға ерекше назар аударылуы керек. Ал үй-жайларда температуралық режимнің оңтайлы параметрлерінің сақталуын бақылап, жұмыс үй-жайларын тұрақты (әрбір 2 сағат) желдетіп тұруға кеңес береміз. Есік тұтқаларын, ажыратқыштарды, жұмыскерлердің үстелдері мен орындықтарын, кеңсе техникасы, көпшілік пайдаланатын орын-дарды (тамақ ішетін, демалатын бөлмелер, дәретхана бөлмелері, спортпен айналысуға арналған бөлмелер мен жабдықтар және т.б.) дезинфекциялауға басқа назар аудара отырып, барлық үй-жайларда әр 2 сағат сайын өңдеу жүргізілуі тиіс. Сонымен бірге тұрмыстық қатты қалдықтар жинайтын орын мен оның аймағын таза ұстау, қалдықтарды уақытылы шығарып отыру қамтамасыз етілуі керек. Адам көп шоғырланатын орындарда 1,5 метр қашықтықты, бетперде кию ережелерін сақтауды ұмытпаған жөн. Қоғамдық көліктерде әр рейс сайын санитарлық-дезинфекциялық шаралар жүруі тиіс. Қол жуу ережелері, жеке бас гигиенасы сақталуы керек және жолаушыларды көліктегі орын санынан артық алмауды жүйелендіру керек.

Ғалымдардың айтуынша, бұл вирус маусымдық аурулар сияқты күнделікті тіршілікте кездесіп отырады. Сондықтан карантиндік шектеу шараларын алып тастағанмен, босаңсуға болмайды. Ол індет жұқтыру оқиғасы мүлдем тіркелмейді деген ой тудырмауы тиіс. Керісінше, енгізілген шектеу алынғанымен, сақтық шараларына аса көңіл бөліп, орындау ұсынылады. Эпидемиологиялық ахуалды тұрақты ұстап тұру үшін, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету мақсатында жоғарыда аталған нұсқаулар мен талаптарға құлақ асып, сақтық шараларын мұқият орындау өзге емес, ең әуелі өзіміздің және жақындарымыздың қауіпсіздігі үшін қажет екенін ескергеніміз абзал.

САҚТАНҒАНДЫ САҚТАЙДЫ

«Денсаулықтың қадірін енді ұқтым!»

Қала тұрғыны Айсана Қасымбек (аты-жөні өзгертіліп берілді) ойламаған жерден қауіпті індет жұқтырғандар қатарында. Кейіпкеріміз әуелде бізбен тілдесуден бас тартқан болатын. Менің оқигам ең болмаса бір адамға ой салар деп қайта хабарласты. Шетелден келгеннен кейін тест нәтижелері оң нәтиже көрсеткендегі таңданысын әлі жасыра алмайды екен. Себебі, онда аурудың белгілері ерекше байқалмаған.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы».

— Шетелден ұшып келдім, келгеннен соң COVID-19 сараптамасының нәтижесі оң болып шықты. Қатты күйзеліске түстім. Ешкіммен сөйлескім келмей қалды. Аурухана қабырғасында жатып, «Неге сақтыққа салғырт болдым, қауіпсіздікті неге ескермедім?!» деп таусылатынмын. Бірақ, ең бастысы кеселді жақын-дарыма жұқтырмағанымна қуандым. Соған шүкірлік еттім. Бұл жерде маған дәрігерлердің көмегі көп болды дер едім. Олар бізге қамқор болды. Мен «Ақ халатты абзал жан» сөзінің мағынасын, өмірдің мәнін, денсаулықтың қадірін, жақындарымның маған қаншалықты қажет екенін енді түсінгендеймін, — дейді кейіпкеріміз.

Айсаның дәрігерлердің еңбегіне деген ырызылығы шексіз. Жағдайы жақсарған, жақын күндері үйіне оралады. Тек бір тілегі бар. Індетті елеуле, ескермеуден аулақ болсақ деген.

— Көпшілігіміз мұның маған еш қатысы жоқ деп ойлаймыз. Солай болуына да тілектеспін. Бірақ,

қауіпсіздікті ешқашан қаперден шығармау керек. Адам көп шоғырланған жерлерде жүрмеген абзал. Салдары қауіпті. Әсіресе, жасы келген кісілерге. Өздеріңіз барлық БАҚ-тан, әлеуметтік желілерден оқыған боларсыздар, бастапқыда ауру белгілерін анықтау қиын. Дене қызуы басылғанымен, тамақ ауырып, кеуде қуысы қысылып, мұрын бітіп, ауа жұтуға кедергілер тууы мүмкін. Вирустың едәуір қауіпті түрін жұқтырғандар демігіп, қалтырайды, ал асқынған жағдайда пациенттер пневмонияға да шалдығу қаупі бар екен. Мұны әрбір азамат білуі тиіс және алғашқы симптомдар пайда болған жағдайда үрейге бой алдырмай, медициналық көмекке жүгіну қажет. Тұмау деп ойлап, өз бетіңізше ем-шара қабылдамаған да жөн. Аурудың жақсысы жоқ, сондықтан денсаулыққа қарайлайық. Өзіміз үшін, жақындарымыз үшін, қоғам үшін, — дейді ол.

Бұл пікір — әріріміз үшін сабақ болатыны абзал.



ЕЛІМ – АНАМ, АЛТЫН ОРДАМ, ЖЫР-ӘНІМ,

ҰЛЫ МҰРАТ ЖОЛЫНДА

Әскер қатарына алынған әр жігіт «Мен, Қазақстан Республикасының азаматы, Қарулы Күштердің қатарына кіре отырып ант қабылдаймын және Қазақстан халқы мен оның заңды сайланған Президентіне актық демім қалғанша адал болуға, өзімнің егемен мемлекетімнің Конституциясы мен заңдарын қастерлеп сақтауға салтанатты түрде ант етемін. Өзіме жүктелген міндеттерді, әскери жарғыларды және командирлер мен бастықтардың бұйрықтарын бұлжытпай орындауға, әскери қызметтің ауыртпалықтары мен қиыншылықтарын табандылықпен көтеруге ант етемін. Әскери істі дәйекті оқып-үйренуге, әскери және халық мүлкін мұқият ұстауға, әскери және мемлекеттік құпияны қатаң сақтауға ант етемін. Мен өз Отанымның, тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік мүдделерінің ержүрек әрі батыл қорғаушысы болуға ант етемін. Егер мен өзім қабылдаған әскери антты бұзсам, онда Қазақстан Републикасының заңдарында белгіленген қатаң жазаны кешуге әзірмін» деп ант береді.

Әскери ант қабылдау – Отаныңа, халқыңа актық демің шыққанша адал болу, ел басына сын сағат түссе, онда мойымай көтеру, қажет болса, жан кию деген сөз. Бұрынғылар «Анттан аттаған, ардан аттайды» деген нақылды адамзат нормаларының қалыптасқан шегін бұзу опасыздыққа жататын болғандықтан айтып кеткен. Антқа адалдық – азаматтың сыналар тұсы, шындалар шағы.

Туған халқының еркіндігін сыртқы жаулардан қорғаған Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сынды батыр бабалар, фашизмнің отын өшірген майдангер аталар аманаттаған Отанымыздың тәуелсіздігін қырағы күзету – ең ұлық қызмет, мәртебе. Ал 7 мамыр – еліміздің қорғаныс қабілетінің жылдар бойы кемелденгенін білдіретін күн. Аздаған шегініс жасасақ, 1992 жылдың 7 мамырында тәуелсіз елдің заңдық құқықтарының негіздеріне және тәуелсіз мемлекеттер достығына қатысушы мемлекеттер арасындағы қол жеткен келісімдерге байланысты Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығы шықты. Бұл Жарлық бойынша Қазақстан аумағына орналасқан Қарулы Күштер республиканың қарауына өтті. Жоғарғы Бас Қолбасшы ретінде Қарулы Күштерді басқаруды Президент өз мойнына алды. Бұл күні Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылғандықтан «7 мамыр – Отан қорғаушылар күні» деп жарияланды.

Сол жылы үш жүйелі штаб – жаяу әскерлер, әуе қорғанысы күштері мен әскери-теңіз күштерінің бас штабтары бекітілді. 2001 жылдан Қазақстан 4 әскери – Орталық, Оңтүстік, Батыс және Шығыс округке бөлінді. Бүгінде өз азаматтарының әскери қызмет атқаруының жағдайы мен тәртібін дербес анықтайды, өз аумағында әскерлердің, қару-жарақтың және техниканың орналасу мәселесін шешеді. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне жалпы мақсаттағы күштер, әуе-қорғаныс күштері, мемлекеттік шекараны қорғау күштері және де ұлттық гвардия мен ішкі әскерлер кіреді.

Қалыптасу кезеңінде ұлттық әскер күштері азаматтардың еңсесін тіктеп, еркіндігін кеңейтуге аянбай еңбек етуде. Әскердің күш-қуаты жылдан жылға нығаюда. Ғасырдан ғасырға сабақтасқан жауынгерлік дәстүр осы күні заңды жалғасын тауып әскери атақтар тағайындалады, әскери қызметкерлер марапатталады.

Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әскери міндеттілерді арнаулы жиынға шақыру туралы Жарлық шығарып, 470-тен астам әскери міндеттілер арнаулы әскери жиынға келді. Олардың арасында офицерлер мен сержанттар, запастағы сарбаздар бар. Басым бөлігі – еріктілер. Қазіргідей сындарлы шақта арнайы жиынға келіп, қиындықты көтеріскен азаматтардың қай-қайсысы да құрметке лайық.

Еліміздің Ата Заңының 36-бабында «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті. Республика азаматтары заңда белгіленген тәртіп пен түрлер бойынша әскери қызмет атқарады» делінген. Азаматтарымызға қасиетті парыз бен міндетті тек бейбіт заманда атқаруға жазсын!

Мереке құтты болсын!

1-бет.

Осыдан жиырма сегіз жыл бұрын Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Жарлығымен енді ғана тәуелсіздік алған еліміздің Қарулы Күштері құрылған болатын. Бұл – Отан қорғаушылар күні, әрбір ұлтжанды, отаншыл азамат үшін аса маңызды, тәуелсіз еліміздің тұрақтылығын, қорғаныс қабілетінің мықтылығын білдіретін тарихи күн.

Өз тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап мемлекет шешкен аса маңызды міндеттердің бірі – заманауи, жинақы да ұтқыр, жауынгерлік дайындық деңгейі жоғары армия құру мәселесі болды. Тәуелсіздіктің елең-аланында еңсе көтерген қазақ әскері осы жылдар аралығында қуатты елдің құрыш қайратына айналды. Қазақстан халқы бүгінгі күні өздерінің қауіпсіздігі берік қолда екеніне сенімді.

Өткенге көз жіберсек, Қазақстан Республикасы мен оның саяси жүйесінің қалыптасуы, экономиканы қайта жаңғырту, әлеуметтік басымдықтарды таңдау кезеңі сенімді әскери қауіпсіздік жүйесін құру мәселесін алдыңғы қатарға шығарды. Әскерлерді Қазақстанның заңды құзыретіне көшіру жағдайында қару-жарактың, әскери техниканың, материалдық құралдардың сақталуын қамтамасыз ету міндеті өткір мәселе күйінде тұрды. Бұл ретте әскерлердің жауынгерлік деңгейін төмендетуге де жол бермеу қажет болды.



Орталықтандырылған жабдықтау жүйесінің жойылуына байланысты әскерлерді қаржылық, материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді қайтадан ұйымдастыруға, өзіміздің әскери кадрларды даярлау жүйесін құру жөнінде шұғыл шаралар қабылдауға тура келді.

Республикадағы ішкі саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісім егемен Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сыртқы саясаттағы салиқалылығы, әлемдегі биік беделі арқасында қол жеткен оң өзгерістер

екені анық. Жалпы алғанда, біз әскери құрылыс тәжірибесінің болмауына, өтпелі кезеңнің қиындықтарына қарамастан, қысқа мерзім ішінде мемлекеттің маңызды нышандарының бірі – төл Қарулы Күштерімізді құра алдық.

Әскери саясаттың негізгі мазмұны, бастапқы кезеңдегі әскери құрылыстың бағыттары 1993 жылы қабылданған Әскери доктринада айқындалды. Ал осынау 28 жыл ішінде ҚР Қарулы Күштері дамудың күрделі кезеңін артта қалдырып, мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қабілетін шыңдап,

қауқарлығын танытты, мемлекеттік мәртебесіне ие болып, ел егемендігінің ажырамас құрамдас бөлігіне айналды.

Армия – мемлекет қорғаны, бейбітшілік тірегі. Ал өз Отанына адал қызмет ету – әрбір ер азаматтың қасиетті борышы. Жауынгер ғасырдан-ғасырға өз бойындағы тектілікті, шын мәніндегі адами мейірімділікті, Отанға деген сүйіспеншілікті сақтап келеді.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері 7 мамырда Қазақстан әскерінің құрылғанына 28 жыл толуын Қазақстан халқымен бірге атап өтеді.

АУҒАН ҰРЫСЫНЫҢ ЖАЗЫЛМАС ЖАРАСЫ

Ауған соғысы 1979 жылы басталып 10 жылға созылды. Сандарға сүйенсек, Ауған жеріне сол кезеңде КСРО-ның 620 мыңға жуық, оның ішінде қазақстандық 22 мың адам әскери қызметін өтеді. Жат жерде 924 қаңдасымыз ерлікпен қаза тапса, 21 жас жауынгер хабарсыз кетті. Ал, Қызылорда облысы бойынша Ауған соғысына 822 жерлесіміз атанды, 18 боздақ қыршынынан қиылды. 30-дан астамы елге мүгедек болып оралды. Сурапыл соғыста, ұрыс қимылдарында батылдығымен ерекше көзге түскен сарбаздар «Қызыл Жұлдыз» орденімен, «Ерлігі үшін» медалімен және басқа да жауынгерлік төсбелгілермен марапатталды.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы».


1989 жылдың 15 ақпанында Ауған соғысына қатысушы жауынгерлер Отанға оралды. Содан бері бұл күн Ауған соғысы аяқталған күні ретінде аталып келеді. Осы күні «Мәңгілік алауға» интернационалист жауынгерлер, әскерилер мен офицерлер ұрыста қаза тапқандардың рухына тағзым етіп, гүл шоқтарын қояды. Сыр өңірінде қазір Ауған соғысының 640 ардагері бар. Оларға мемлекет тарапынан қамқорлық жасалып келеді. Облыстық «Ауған

және жергілікті соғыс ардагерлер одағы» қоғамдық бірлестігі ардагерлер құқығын қорғайды. Отбасына қолдау көрсетеді. Отан үшін от кешіп ерліктің үлгісін көрсете білген жауынгерлерімізді ұлықтау мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырады.

Бүгінде жастық шағын жат жерде, от жалынында өткізген жандардың алды алпысты алқымдап, жетпістің желкеніне мінді. Омар Тұрманов 1982 жылы әскерге шақырылып, азаматтық

борышын өтеу үшін Өзбекстанға аттанды. Онда сарбаздарды даярлайтын арнайы оқу орнында тәлім алып, қызметін атқарды. 1983 жылы оларды Ауған жеріне өткізді. Омар жаяу әскер құрамында шайқасты. Майдан кезінде батылдығымен көзге түсіп, тапсырылған операцияны сәтті аяқтағаны үшін «Қызыл Жұл-

дыз» орденімен марапатталды. Қанқұйлы шақта бір ажалдан аман қалды. Кезекті ұрыста мина басып, ауыр жаракат алып, госпитальға жатқызылды. Бір аптадан сон Ташкентке жіберді. Онда ота жасалып, бір аяғынан айырылды. Арада қанша жыл өтсе де, Омар үшін Ауған жеріндегі соғыс жүрекке түскен жара іспеттес.



ҰЛАНЫ – ҰЛТҚА ПАНА

Қызылжарма ауылына кіреберіс. Айналасы мықтап қоршалған үлкен ғимарат бірден көзге түседі. Төбедегі бақылау орнында қырағы сарбаз тұр. Ол айналаны жіті қадағалайды. Қолына қару ұстаған бұл жігіт – «Ұлттық Ұланның» сарбазы, яғни, 55/47 әскери бөлімде тәжірибесін шыңдап жүрген жас. Мұнда 800-ге жуық әскери қызметші мен сарбаз бар.

Дәулет ҚЫРДАН, «Сыр бойы».

Кирилл Лосицкий – батыстағы Ақтөбе облысының тумасы. Ол мұнда Отан алдындағы әскери борышын өтеуге келген. Әскерге аттанған жанның «Ұлттық Ұланға» барған деген мұраты болады. Кирилл мақсатына жетті.

– Әскерге барған жан басқалардан ерекшеленіп тұрады. Өйткені, әскерде бойдағы артық әдеттер мен қылықтардан арыласың. Өмірлік мақсатыңды түсінесің. Есейесің. Әсіресе, ата-анасының жанынан ұзап шықпағандар бұл жақта демде өзгеріп кетеді. Бізде барлық жағдай жасалған. Сондықтан, уайымдайтын ештеңе жоқ. Ұланға барам деп жүргендер келсін, бізде барлығы талапқа сай, – дейді К.Лосицкий.

Мұнда Кирилл сияқты 300 сарбаз

бар. Олардың көпшілігі төтенше жағдай кезеңінде елде қоғамдық тәртіпті сақтауға атсалысып келеді. Танның атысынан күннің батысына дейін облыстық полиция департаменті қызметкерлерімен бірге. Екі сарбазға бір полиция қызметкері бекітіліп, өздеріне тапсырылған аумақты аралайды.

– Қазір біздің 150 қызметкеріміз облыс орталығында қоғамдық тәртіптің сақталуын қадағалап жүр. Олар екі ауысымға бөлінген. Екі үлкен шараға атсалыссақ, оның бірі – осы. Екіншісі, түзету мекемесінде сотталғандарды бақылау. Төтенше жағдай кезінде бірінші болып көмек көрсетеміз. Сарбаздарымыз Батыс Қазақстан, Түркістан облыстарынан келген. Күн сайын олардың жауынгерлік

дайындығын пысықтаймыз. Ату, саптық дайындықтар кезектестіріліп, өткізілуде, – дейді ҚР Ұлттық Ұланы 55/47 әскери бөлімі командирінің тәрбие жөніндегі орынбасары, подполковник Нұрлан Шегебаев.



Суретті түсірген Нұрболал НҰРЖАУБАЙ.

Қолқанат Мәлік – Қызылорда қаласының тумасы. Ол бес жылдан бері әскери бөлімде қызмет атқарып келеді. Әскери қызметші болу – кіші сержанттың бала күнгі арманы.

– Отан алдындағы азаматтық

борышымды Алматы облысы Шонжы ауданы Қалжат ауылында шекара қызметінде, 25/34 әскери бөлімінде өтедім. Туған жеріме келген соң осында жұмысқа орналастым. Олан бері де бес жыл зулап өтіп кетіпті. Кішкентайымнан теледидардан әскери тақырыптағы фильмдер мен бағдарламаларды көріп өстім. Сайдың тасындай іріктелген сақа жігіттердің өміріне қызығатынымын. Олар қашан да алда. Өйткені, олардың мойнында – ел намысы. Қазақтың ұланғайыр атырабын жаудан қорғайды. Сол сәттен бастап мен әскери қызметші болам деп алдыма мақсат қойдым. Мақсатына шынайы еңбек етсең, жетесің. Өйткені, бойдағы талап мақсат үдесіне жетпей тыншымайды. Жұмысым жақсы, өзіме ұнайды, – дейді Қолқанат Ғалымжанұлы.

«Ұланды» ұландар сапқа тұрды. Олар бүгінгі жаттығуына кірісті. Ал Нұрлан Жұмабайұлы сырттай бақылап, олардың әрекеттерін бағамдаса, Қолқанат Мәлік сарбаздарға пәрмен беріп, жаттығуды бастап кетті.

Иә, әскери өмірдің қиындығы мен қызығы мол. Бұған тек көңіл түкпірінде шынайы мақсаты барлар ғана төзеді.

АМАН БОЛСЫН, ЕЛ ҚОРҒАҒАН ҰЛАНЫМ

ҰТҚЫР. ЗАМАНАУИ



Ол егемен елімізбен бірге өсіп, заман талабына сай жарактанып, бүгінде қазіргі заманның кез келген қауіп-қатеріне төтеп бере алатын жинақы да ұтқыр армияға айналуына орасан зор жұмыстар атқарылады.

Қазақстан Республикасы әлемдегі қауіпсіздік пен тұрақтылық саясатын ұдайы қолдайтын, сенім мен қауіпсіздік шараларын нығайтуды қалайтын, жаппай қырып-жою қаруларын шектейтін және оны таратпау жөніндегі келісімдерді бұлжытпай орындауды бақылауға айрықша маңыз беретін мемлекет

ретінде танылды.

Отан қорғаушылар күні мен Ұлы Жеңіс мейрамы – бірін-бірі толықтырып, бірімен-бірі сабақтасып жатқан мерекелер. Мұнда бір тарихи шындық пен өмірлік заңдылық жатыр, болашақты өткенмен сабақтастырмай, өткенді болашақпен ұштастыру мүмкін емес.

Ер бала – ел қорғаны. Оған жүктелер Отан аманаты жеңіл емес. Ол әрбір ер-азаматтан қайтпас қайсарлықты, төзімділікті талап етеді. Ұрпақтан-ұрпаққа ұран болып келе жатқан дәстүрді одан әрі жалғастыру – ат жалын тартып,

әжетке жараған азамат үшін абырой. Әрбір жігіт әскерге бару арқылы үлкен шындалу мектебінен өтеді. Өзінің білімділігін тексереді, ұжыммен, дос-жаранмен тіл табысуға, яғни ортаға бейімделеді, соғыс тәсілі мен қару-жарақты меңгереді. Жалпы айтқанда, өз-өзін сынауға мерзімді әскери қызмет таптырмайтын кезең деуге болады. Әрине жауынгерге қойылатын талап та өте жоғары. Бүгінгі таңда өз Отанын қорғауға деген құштарлығы жоғары азаматтардың көптеп кездесуі қуантады. Алаштың анасы –

Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.

Нұрсұлтан Назарбаев

БАҒЫТЫҢНАН ТАЙМА, «ЖАС САРБАЗ»

Ер азамат – отбасының да, Отанның да қорғаны. Сондықтан оларға құрмет бөлек, талап зор. Бірақ оларға өзгені де, өзін қорғауы үшін де намысын жаныған мақсат, табандылық пен тас түйін дайындық қажет. Бүгінде елімізде жігерлі жас жігіттердің күші мен энергиясын жаңа бағытқа бұрған «Жас сарбаз» жасөспірімдердің әскери-патриоттық қозғалысы жұмыс істейді.

Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы».



Қозғалысқа жастар неше жастан қабылданады, қалай құрылды, не үйретеді? Соған тоқталсақ.

Әскери-патриоттық қозғалыс құруды 2018 жылы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстандықтардың әлауатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында тапсырған болатын. Осылайша «Жас сарбаз» қозғалысы қоғамдық бірлестік ретінде тіркеліп, барлық облыстан филиалдары ашылды. Ал олардың алдында жастар бойында патриоттық сезімді қалыптастыру, әскери міндеттерді орындауға жан-жақты дайындау мақсаты тұрды.

Облыстағы әскери-патриоттық орталық сол жағалаудағы «Жастар орталығы» ғимаратында орналасқан. Қазір аймақта 309 әскери-патриоттық клуб пен 1 жас сарбаз сыныбы жұмыс істейді. Олардың құрамындағы сарбаз саны 6 мыңнан асады.

Әскери-патриоттық клубтар әр мектепте бар. Алғашқы әскери дайындық пәнінің жанынан жүргізіледі. Жетекшісі – сол пәнін оқытушылары. Бір мектепте сарбаз саны – 25, енді бірінде 30 болуы мүмкін, – деді «Жас сарбаз» қозғалысы облыстық филиалының төрағасы Айдос Қожамұратов.

Орталықта әр аптаның сейсенбі күні сарбаздардың жиыны өтеді. Жиында саптық дайындық, қару-жарақты шашып-жинаудан өзге, әскери жарғылар, Қазақстанның қазіргі армиясы сынды тақырыптар бойынша сабақ өтеді. Мұнан бөлек, әскери лауазымды тұл-

ғалар, әскери борышын өтеген жастармен кездесулер тұрақты ұйымдастырылады.

Қозғалысқа қабылдану үшін белгілі шектеу жоқ. Бастысы – талаптың тұлпарын ертпен мінген жігіт болуы шарт. Тіпті, 7-8 сынып оқушылары да әскери қызметтің әліппесімен таныса алады. Негізгі басымдық спортқа жақын, робототехника құрастыруға ынталы, өнерлі жастарға беріледі екен.

Орталықтағы командир Шалқар Талғатбеков – «Жас ұлан» республикалық мектебінің түлегі. Жалпы өмірін әскери қызметпен байланыстыруға бекінген қызылордалық жастар қазір қалай білім алып жүр, оқуға түскеннен кейінгі ойы қандай? Себебі, «Жас Ұлан» мектептері тек Нұр-Сұлтан, Алматы, Қарағанды, Шымкент қалаларында ғана бар. Алматыдағы Құрлық әскерлерінің Әскери институтының 2-курс курсанты Мақсат Амангелдіге хабарластық. Ол осы оқу орнының алдында Шымкенттегі С.Рахымов атындағы республикалық «Жас Ұлан» мектебін бітірген болатын.

Әскери қызметкер болуды бала кезден армандадым. Менің мақсатымды қолдаған, демеген әкем болатын. Мамандығы – кинолог. Әкемде бар мінез бен қасиет менің жерге қаратпай жүруі өзімізге байымнан табыла деймін. Бұл жақта жағдайымыз жақсы. Ракета әскерлері және артиллерия бөлімшелерін басқару мамандығы бойынша білім алудамын. Енді екі жылдан кейін лейтенант шенін алып, Қазақстанның қай түкпіріне болса да қызметке баруға дайынмын, – деді курсант.

АНГОЛА СОҒЫСЫНЫҢ САРБАЗЫ

Африканың батысын бойлап жатқан Ангола мемлекеті 1975 жылы 11 қарашада өз тәуелсіздігін жариялаған. Ұзақ жылдар Португалияның отары болған елдің егемендік алуы оңайға түспеді. Өйткені, елдің іші үш аймаққа бөлініп, өзара билікке таласты.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы».

Бұл күрестің басында Анголаны азат ету жолындағы халықтық қозғалыс партиясы (МПЛА) тұрды. Екіншісі – Анголаның толық тәуелсіздігі жолындағы ұлттық одақ (УНИТА). Бұл ұйым Кеңес Одағының ұстанымына, коммунистерге қарсы болды. Ал үшіншісі – Анголаны азат ету қозғалысының ұлттық майданы (ФНЛА) еді. Билікке өзара талас халықтың берекеcін алды. Жергілікті халық үнемі отаршылдардың үстемдігіне қарсы азаттық күресін жүргізген. Осылайша, ұлтаралық қозғалыс 16 жылға созылды.

1961 жылдың мамыр айында Кеңес үкіметі «Анголадағы жағдай туралы» арнайы мәлімдеме жасайды. Ол мәлімдемеде Португалия отаршылдары айыпталып, бүкіл дүниежүзін Ангола халқының құқығын қорғауға шақырады.

Осы кезден бастап Кеңес үкіметі Ангола сарбаздарын оқыту үшін командирлер, нұсқаушылар мен үйретушілер жіберіп, қару-жарак түрінде көмек көрсетіледі. Анголаға аттанғандардың ішінде қазақстандық әскерилер де аз болмаған. Солардың бірі – шиелілік Бақытжан Анафияев.

Ол бұл соғысқа 1977 жылы әскер қатарында жүргенде аттанады. Небәрі 19 жастағы жігіт алғашында қайда, не мақсатпен бара жатқанын да білмеген.

– Мен 1976 жылы Белоруссияның Гродненская облысында 11717 әскери бөлімінде әскерде болдым. Сонда жүріп 1977 жылы Анголаға аттандым. Расымен алғашында қайда баратынымызды айтпады. Әуе-жайға барған кезде Анголаға ұшатынымызды білдік. Алайда, қандай мақсатпен екені белгісіз еді. Астыртын түрде елді қорғап жүрдік. Барлығы құпия түрде өтті. Белоруссиядан 18 адам бірге аттандық, арасында екі-ақ қазақ болды. Ол жақта бізден бұрын барғандар бар. Барлығы жиналғанда 300-дей болды. МПЛА-ға қолдау, көмек көрсеттік. Арасында операцияларға нұсқаушы болып қатыстым. Біздің мақ-

сат – бұйрықты орындау. Өз борышымды қалтқысыз орындадым деп білемін.

Бақытжан аға елге 1978 жылы желтоқсан айында оралады. Әскерге кеткенін білген ел оның борышын Анголада өтегеніне, соғысқа қатысқанына сенбеген. Оған себеп те жоқ емес. Жоғарыда айтқандай, астыртын жүргендіктен соғыстың бағыт-бағдары құпия болатын. Елге келгеннен кейін 14 жылдан соң, 1992 жылы ғана жеңілдіктер алуға арналған куәлігіне қол жеткізеді.

Бақытжан Қайырбекұлы әскери борышын өтеп келген соң автобазада жұмыс атқарды. Мұнан кейін Шымкенттегі ауыл шаруашылығы техникумын бітіріп, түрлі жұмыстардың тізгінін ұстайды. 2001 жылдан бастап өзінің жеке кәсібімен айналысуда. Бүгінде 4 қыз, 1 ұл тәрбиелеп отырған ардақты әке ел бейбітшілігінің баянды, ауызбіршілігінің берік болғанын тілейді.

ШЕКАРА ШЕБІНДЕ ШЫҢДАЛҒАН

...Маңдайдан суық тер бүрк етті. Әр секунд сағатқа, тіпті тәулікке теңдессіз еді. Қапелімде қылмыскердің қаруы өзіне кезеледі деп ойламады. Бірер сәтте дереу шешім қабылдау керек болды. Жан екпінмен ұрыстың жетік айла-тәсілін қолданып, қолын қайырды да кісендеп тастады. Соңадайда қарсыластың қолынан ұшқан суық қаруға бір сәт ойланп қарады. Мұлт кетсе, түбіне жететін де еді...

Дәулет ҚЫРДАН,
«Сыр бойы».

Осыдан біраз жыл бұрын ҚР ҰҚК облыс бойынша шекара қызметі департаментінің десанттық шабуылдау заставасының бастығы Айдын Есенбаев пен застава қызметкерлері 30 мың түп есірткі алқабын тапқан еді. Сол кезеңдегі жігіттердің ерлігі мен жанкештілігін тұтас Қазақстандағы әріптестері мақтанышпен айтып жүрді. Иә, қызылордалық сарбаздар әлі де сол тұғырдан түскен жоқ. Күні бүгінге дейін зансыз есірткі айналымының, қару-жарак, адам, радиоактивті заттардың зансыз тасымалдануының жо-

лын кесіп келеді. Әлбетте, шекара шебіндегі ерлікке парлар не бар дейсіз?! Тіпті алты ай бойына бір күн демалысыз мемлекеттің шекарасын күзетеді. Қажет болғанда бар болғаны екі сағатта сакадай сай тұрады.

– Біздің жігіттердің еңбегін көзбен көрмесе, сөзбен айтып жеткізу қиын. Шекара сызығы табиғаты қолайсыздау, шөлді, шөлейтті аймақтарда орналасқан. Олар жоспарлы, жоспарсыз тексерудің талайында заңбұзушылықтарды анықтап жүр. Мемлекеттік



Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

құпия болғандықтан көпшілігін ел біле бермейді. Ал екі маусымда осында Отан алдындағы борышын өтеуге келген жастардың ішінен ең мықтыларын іріктеп аламыз. Оларды әкеле сала бірнеше сағатты тексеруден өткізіп, нағыз сайыпқыран сарбаз ететіз. Ұрпақты әскери тәртіпке баулып, елдің айыбын арттырар азамат ету – біз секілді аға

ұрпақтың міндеті, – дейді десанттық шабуылдау заставасының бастығы Айдын Есенбаев.

Айдын Танатұлы туған жері – Алматы болса да, қызметте өскен жерім – Қызылорда өңірі дейді. ҚР Қарулы күштерінің I, II, III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін», «Ұлттық қауіпсіздік қалқаны» медальдары мен I, II дәрежелі «Шекара қызметінің үздігі»

төсбелгілерімен марапатталған. Департамент 2019 жылы облыс әкімінің жүлдесі үшін өтетін спартакиаданы жеңіп алған. Қазақстан қаһарман ұлдарын жиған әскерилер ордасында бұдан да көп жетістіктер бар.

– Біздің міндетіміз – шекараны қорғау. Зансыз өтетін тасымалдарды дер кезінде құрықтау. Міндет межесінен шығып жүрміз. Жігіттердің рухани тәрбиесі мықты болуы керек. Еңбекке ерте араластырып, отаншылдық сезімін ояту керек. Елдегі әрбір жағдайға бейжай қалмайтын, өзгенің басындағы қуаныш пен қайғыны өзінің басындағыдай түсінетін тұлғалар дайындауымыз керек. Кейде «өттеген-айларымыз» бар. Жаңа заманда қол еңбегі азайып келеді. Ал Қазақстанды қорғайтын ер азаматтар. Олардың физикалық дайындығына баса мән беруіміз керек. Сол себепті, Отанымыздың қорғаушыларын отбасынан бастап тәрбиелеген жөн, – дейді А.Есенбаев.

Департамент қызметкерлері,

оған қоса сарбаздар әрдайым оқу-жаттығу үстінде жүреді. Ату дайындығы, шекаралық шеберлік, тактикалық дайындықтар қашан да назарда болады. Ал арнайы еңбек сабағы ұмыт қалдырылған емес. Өйткені, адамды тәрбиелейтін – еңбек.

– «Ат тұяғын тай басар» деген қазақтың. Ертең біздің орнымызды кейінгі жас сарбаздар басады. Олардың бізді жерге қаратпай жүруі өзімізге байланысты. Біз алдыңғы кезекте өзімізден бастап тәрбиелейміз. Олардың сайыпқыран болуына тікелей біз жауаптымыз, – дейді Айдын Танатұлы.

Мемлекеттің ең маңызды бірнеше элементі болады. Солардың қатарында шекара да бар. Ал шегенделген шебіміз қаншалықты берік болса, елдіміз де соншалықты нық болмақ. Күннің ыстық-суығы мен боран-дауылына қарамай біз бақтастан, кірпік қақтастан олар елді қорғап жүр. Ендеше, Отан қорғаушы азаматтарға құрмет те толастамасы анық.

● БОЛЖАМ

ӘЛЕМ ЭКОНОМИКАСЫ: қалыптасу кезеңі 2021 жылы басталады

Бүгінгі әлем экономикасының жағдайы сарапшылар тарапынан өртүрлі болжамдардың туындауына себепші болуда. Олардың негізгі дағдарыс 2020 жылдың төртінші тоқсанына дейін созылып, қалыптасу кезеңі жыл соңынан 2021 жылға дейін созылуы мүмкін дегенге саяды. Бірқатар сарапшылар бұл кезеңнің біршама кешеуілдейтінін айтады.

Sb Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы».

Ресей жоғары экономика мектебінің ректоры Ярослав Кузьминов бұл орайда үстіміздегі жылы әлем экономикасының өсімі теріс номиналда қалыптасып, 2021 жылдың соңына қарай оның өсімі жылдам болатынын айтады. Атап айтқанда, оның пікірінше, әлем экономикасының ішкі өнімінің өсімі бұл кезеңде 5,9 процент құрайтын болады.

Халықаралық валюта қорының жетекшісі Георгиеваның пікірінше, бүгінгі жағдай өте күрделі. «Валюта қорының тарихында әлем экономикасы дәл бүгіндей мүлдем тоқтаған емес», деді ол өз сөзінде. Бүкіл әлем жұртшылығы ортақ іс-қимыл танытпаса, тұйықтан шығудың жолы көрінбейді.

Ресей өз экономикасының жағдайына бұрын жасаған болжамдарына өзгерістер енгізуде. Оптимистік көзқараста болған «Роснефть» басшысы Игорь Сечин және экономика министрі Александр Новак соңғы кездері жағдайдың күрделі сипат алатынын мойындай бастады. Себебі Ресей бюджетінің негізін құрайтын мұнай бағасына деген алаңдаушылық өсе түсті. Халықаралық энергетика агенттігінің сараптауы бойынша әлемдегі мұнай сақтайтын сыйымдылықтар толып тұр. «Қара алтынды» өндіретін өндірушілер бағаның төмендігінен оны сатуда қиындыққа кезігуде. Мұнайшылардың шығыны қазірдің өзінде 50 процентке өсті. Оны қалпына келтіру үшін 1-2 жыл уақыт керек болады.

Әлемді дағдарыс шарпыған кезде АҚШ пен Қытай арасындағы дау тағы да өрши түскен сынайлы. Енді сауда соғысы коронавирус дертін кім таратты деген сауалдың төңірегінде өрби бастады. Бұл орайда АҚШ президенті Қытайды айыптайды. Қытай төрағасы «Тырнақ астынан кір іздегенше экономикадан шығудың жолын іздестіру тиімді болар еді» дегенді алға тартады. Бұл орайда Қытай өз ұстанымын білдірді. Экономикаға аздап қан жүгіре бастады. Тіпті қытайлықтар жуырда доллардың орнын алмастыратын цифрлық валютаны ұсыну туралы ойын сездіріп қалды. Әлемдегі тауар айналымының 18 процентін игеріп отырған Қытайдың валютасы – юаньның сол тауар айналымындағы үлесі бар болғаны 2 процент құрайтын көрінеді. Ал, керісінше, американдық тауар айналымы 15 процент деңгейінде болса, доллардың айналымы 34 процент құрайды екен. Әлбетте, қытайлықтар бұған келіспейді.

Сонымен әлемдегі экономика ахуалы бүгінде сарапшылардың пікірі бойынша әртүрлі сипатта бағаланып отыр. Жаппы дағдарыс әлемдегі 180 елді қамтыған болса, олардағы жағдай да әртүрлі. Дегенмен, жалпы дағдарыс күрделілігімен сипатталады.

● БІЛІМ – ИННОВАЦИЯЛАР

Қашықтан оқытудың қарымы

Қазіргі уақытта коронавирус пандемиясының таралуы салдарынан әлемнің көптеген елдерінде оқу орындары жабылып, миллиондаған оқушылар мен студенттер қашықтан немесе онлайн білім алуға көшті. Тіпті, білімі мен ғылымы қарыштап дамыған алпауыт Америка Құрама Штаттарындағы 124 мың мектеп қиындыққа тап келіп, сөйкесінше 53 миллион бала парталарында отырып, тікелей білім ала алмауда. Сондықтан, мұғалімдерін қашықтан оқытудың әдіс-тәсілдеріне үйрету жұмыстары жүргізілуде.

Қалыптасқан жағдайға байланысты біздің еліміздегі 7300-ге жуық орта мектептің 3,2 миллион оқушысы да 2019-2020 жылдың 4-тоқсанын қашықтан оқуда. Қазақстанның барлық жоғары оқу орындары және колледждерінің студенттері де осындай жағдайда.

Демек, қазіргі кезеңде қоғамда оқудың бұл тәсіліне сұраныс күннен күнге артауда.

Жасыратыны жоқ, дәстүрлі оқыту құрылымдары қалыптасқан жағдайға байланысты жанадан пайда болып жатқан білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыра алмауда. Ал, қашықтан оқыту қоғамның жана сұраныстарына жылдам жауап беретін және икемді оқыту түрі саналады.

Байқасаңыз, соңғы кездері қоғамда уақыттары тапшы, мүмкіндіктері аз, кейде тіпті күндізгі формада оқуға құлқы жоқ, өз оқу графигін өзіне ыңғайлы етіп, сабақ кестесіне тәуелсіздік құрғысы келетін, айрықша сұраныстары бар адамдар тобы көбеюде. Бұларды уақытты және қаржыны үнемдеуге

мүмкіндік беретін, тұлғалық оқыту тәсілін пайдаланатын қашықтан оқыту қызықтыратыны сөзсіз.

Қашықтан оқытудың осындай артықшылықтарына, ақпараттық технологиялардың, компьютерлік техниканың және интернеттің белсенді дамуына қарамастан, қашықтан оқыту көпшілікке қолжетімді болмай тұрғанын көруге болады. Қашықтан оқытуды ұйымдастырудың формасына ғана емес, оқыту үрдісіне және оқытудың нәтижелеріне де селқос қатынас қалыптасуда.

Мұндай көзқарастың қалыптасуына дайын лекцияларды электронды формаға көшіріп, формальді түрде тәсілілеу өткізуге негізделген қашықтан оқыту курстарының алғашқы әзірленген нұсқалары өз ықпалын тигізуде. Оқытудың мұндай форматы практикалық бағытталмаған оқыту болып саналады, өйткені, оқушыға жаңа ақпаратты игеру үрдісінде пассивті орын берілген және бұл үрдіс көп жағдайда осы курсты жүргізетін мұғалімнің белсенді қатысуынсыз өтуде. Сол себепті, қоғамда қашық-

● ӨРКЕН

Көшелер көркейіп, үйлер салынады

Облыстық мәслихаттың шешімімен Қазалы ауданына 3 млрд 622 млн теңге қаржы бөлінді. Айта кетерлігі, бұған дейін де 1 млрд 318 млн теңге берілген. Бәрекелді! Енді осы қыруар қаржы қандай жұмыстарға жұмсалмақшы деген сауалдың жауабын қолдағы деректерге сүйене отырып жеткізсек.

Sb Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, «Сыр бойы».

Қаржының 900 миллион теңгеден астамы «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы арқылы Бекарыстан би ауылына бөлініп отыр. Соның арқасында аудандағы ең іргелі ауылда ауыз су сервистік желіге қосылады. Елді мекендегі №24 мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 7 көше жөнделіп, 8 көшеге жарықшам

орнатылады. Осылайша ауылдың ажары көркейіп, келбеттене түседі. Бекарыстан би ауылындағы ағайындар бұл жұмыстардың жүзеге асуын ұзақ жылдар күткен болатын. Енді бұл мәселенің де шешімі табылатын күн алыс емес. Көпшіліктің көкейіндегі өткір мәселе – тұрғын үй. Жуырда Әйтеке би кентінен бір



қабатты 4 пәтерлі 10 тұрғын үйдің құрылысы басталады. Қолға алынатын құрылыстардың ішінде Ақсуаттағы 150 орындық клуб пен Ғ.Мұратбаев ауылында жүргізілетін газ желісі бар. Ғ.Мұратбаев саябағы абаттандырылса, кенттегі былтыр асфальтталған Жалантөс батыр көшесіне жарықшам орнатылады. Аудан орталығындағы тозығы жеткен көріз жүйесіне жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Салауаттылық салтын сақтау, бұқаралық спортты дамыту да күн тәртібінде тұрақты тұр. Қ.Пірімов, Ү.Түктібаев ауылдарында балалар ойын алаңы, тренажер, жүгіру жолағы бар спорт ойындарына арналған алаң салынады. Қолдау балғын өрендерді қанағаттандырып, Олимпиада шынына жеткізсін дейміз.

Жолдың жайын жүрген біледі. Әлеуеті дамыған елдердің «байығың келсе, жол сал» деген ұстанымы да бекер емес. Бұл – әлемдік экономикадағы тәжірибе. Осы бағытта Қазалы ауданында өткен жылы көптеген жұмыстар жүзеге асқан еді. Биыл бұл жұмыстар жалғасын табады.

Қала мен кентте жөнделетін 16 көшеге қосымша тағы 13 көшеге қосылды. Мұндай жұмыстардың қала мен кентте ғана емес, алыс ауылдарда да жүзеге асуы – қуантарлық жағдай. Атап айтқанда, Майдакөл, Басықара, Жалантөс батыр, Жанқожа батыр, Ақсуат, Кәукей, Бозкөл, Өркендеу, Абай, Ғ.Мұратбаев ауылында да көшелер жөнделеді. Бұл мәліметке жоғарыда айтылған Бекарыстан би ауылындағы 7 көшені қосыңыз.

Сонымен қатар Қазалы қаласының 8, Бекарыстан би ауылының 1 көшесіне тротуар салынады.

Көптен бері шешімін таппаған №226 гимназияға биыл күрделі жөндеу жасалады. С.Сейфуллин атындағы №165 мектептің есік-терезелері ауыстырылып, жылу жүйесі жөнделеді. Сондай-ақ, кенттегі №70, қаладағы №17, Ү.Түктібаев ауылындағы №88, Бозкөлідегі №96, Ақтан батырдағы №190, Ақсуаттағы №100 мектепке, кенттегі «Ақбота», Ғ.Мұратбаев ауылындағы «Бал-дәурен», Қожабақыдағы «Айгүл» балабақшасы мен «Шағала» лагеріне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Бірқатар ауылдардағы мәдениет үйлері мен клубтар да жөнделеді.

– Кенттің «Аймақаш» аймағынан жер беру үшін дайындалған жобаның қаржысы да шешілді. Енді бұл жерге электр жарығы, газ және ауыз су тарту жұмыстары басталады. Бұл жұмыстар аяқталған соң 115 адамға жер беріледі деп отырмыз. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге 237,3 млн, NEET санатындағы жастарға және табысы аз көпбалалы отбасыларға, табысы аз еңбекке қабілетті мүгедектерге жана бизнес идеяларды жүзеге асыру үшін гранттарға 103,4 млн, қоғамдық жұмысқа 333,2 млн қаржы қаралды. Баршасы аудан тұрғындарының игілігі үшін жасалынған, – дейді Қазалы ауданы әкімі Мұрат Ерғешбаев.

Ауданда жүзеге асуы межеленген мұнан өзге де біршама жоспарлар бар.

Қазалы ауданы.

КӘСІПКЕРЛІК: салықтан кімдер босатылады?

Сыр өңірінде нақты жұмыстар атқарылғанын айта кеткен жөн.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ғалымбек Жақсылықов атап өткеніндей, микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері 29 экономикалық қызмет түрінің жалпы жіктеуіші бойынша 1 сәуірден бастап 1 қазанға дейінгі мерзімге, ал ірі кәсіпкерлік субъектілері 10 ӘҚЖЖ (ОҚӘД) бойынша 2020 жылғы 1 сәуірден бастап 1 шілдеге дейінгі мерзімге төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығынан, жеке практикамен айналысатын тұлға дербес төлейтін жеке табыс салығынан, дара кәсіпкердің өзі үшін төлейтіндерін қоспағанда, әлеуметтік салықтан, міндетті зейнетақы жарналарынан, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардан, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналардан босатылды.

Облыстық кірістер департаментінің ақпараты бойынша аймақта бүгінгі күнде 20122 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі 2020 жылдың 1 сәуірі мен 1 қазаны аралығында бірқатар салық төлемдерінен босатылған. Атап өтер болсақ, 501 кәсіпкер мүлік салығынан, ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші 47 кәсіпкер жер салығынан, 3745 кәсіпкер әлеуметтік салықтардан, 1603

кәсіпкер жалақыдан төленетін жеке табыс салығынан, 7171 кәсіпкер міндетті зейнетақы жарнасынан, 7055 кәсіпкер әлеуметтік аударымдардан босатылды.

Мемлекет басшысының карантин режимін жұмсарту туралы тапсырмасына сәйкес Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулысы шықты. Ол бойынша Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі облыстық комиссия өңір бойынша төтенше жағдай кезінде кезең-кезеңмен жұмыс жасауға рұқсат беретін салалардың және ұйымдардың тізімін бекітті. Аталған тізімге сай, 29 сәуірден бастап жұмыс жасайтын кәсіпкерлік субъектілері «Сергек» базасына тіркелу керек.

Сонымен Мемлекет басшысының карантин режимін жұмсарту туралы тапсырмасына сәйкес бірқатар бизнес құрылымдары жұмысын бастап кетті. Бұл кәсіпкерлермен қатар тұрғындар үшін де үлкен қуаныш. Әрине, мұндай кезде санитарлық нормаларға сәйкес жұмыс жүргізілуі керек. Саяқты пен қауіпсіздік әрбір бизнес құрылымының басты назарында болуы қажет. Бірінші кезекте кәсіпкерлік субъектісінде жұмыс атқаратын қызметкерлер мен келушілердің қауіпсіздігін қатаң сақтауға мән беріледі.

тан оқытудың төменгі сапасы мен тиімділігінің жеткіліксіздігі жайлы пікір туындауда.

Алайда, соңғы жүргізілген зерттеулер бұл көзқарастың дұрыс емес екенін көрсетуде. Қашықтан оқытудың сапасы мен тиімділігі төмендегі компоненттерге тікелей байланысты.

- Ұсынылған оқу материалдарының сапасы;
- Қашықтан оқытуды ұйымдастыруға қажетті техникалық құралдар;
- Қашықтан оқытуды ұйымдастыру және өткізу әдістемесі;
- Мұғалімнің оқыту үрдісіне белсенді қатысуы.

Осылардың ішінде соңғы екеуінің маңызы зор екенін көруге болады.

Бүгінгі қашықтық курсы – бұл қашықтан оқытуды ұйымдастырудың барлық ерекшеліктері ескеріліп, кәсіптік-техникалық және технологиялық жағынан ғылыми негіздемесі жасалынған, арнайы әзірленген оқу, әдістемелік, ақпараттық және электронды материалдармен қамтамасыз етілген, оқушылар арасында, сондай-ақ мұғаліммен жылдам және толыққанды өзара байланыс жасауға, кері байланыс орнатуға мүмкіндік беретін қуатты курс жүйесі.

Қашықтан оқуды жүзеге асыратын мұғалімдердің оқыту курстарын әзірлеуге және оларды оқытудың белсенді әдістерін пайдалану арқылы сапалы, тиімді өткізуге мүмкіндік беретін арнайы дайындығы болуы маңызды.

Қазір «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» басқармасы басшылығымен ұлттық орталықтың барлық филиалдары алдына қашықтан оқытуға арналған курстарын әзірлеу және оны сапалы өткізу міндеті қойылуда. Бұл курстардың мақсаты – оқытудың ерекшеліктерін, оның формалары мен принциптерін, оқу-әдістемелік кешенін, белсенді оқыту әдістерін және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қашықтан оқыту үдерісінде қолдану әдістемесі бойынша барлық білім беру ұйымдары педагогтарының кәсіби қызыреттіліктерін жетілдіру. Сонымен қатар, ұстаздар оқытудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін әртүрлі интернет платформалар мен технологияларды игеріп, әзірленген оқыту курсының сапасын бағалауды меңгереді.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ басқармасының басқаруымен ұлттық орталықтың барлық институттарында 2017 жылдан бері оқытудың жана формасы Аралас оқу (Blended learning) режимінде біліктілік арттыру курстары өткізілуде. Яғни, дәрістер of-line және on-line режимінде өтеді. Барлық оқу материалдары, оқу бағдарламалары және дәрістерге байланысты бүкіл контенттер «Өрлеудің» студиясында дайындалып, ұлттық орталықтың Оқыту сайтына орналастырылған.

Қазіргі кезде біліктілікті арттыру жүйесінде «аударымалы» қашықтан оқытуды (перевернутое дистанционное обучение) ұйымдастыру

және қолдану жоспарлануда. «Аударымалы класс» («перевернутый класс») деп аталатын оқыту үрдісінің моделі «Аралас оқытудың» бір түрі, авторлары Джонатан Бергман және Аарон Сэмс. «Аударымалы класс» моделі бойынша лектор немесе оқытушы тыңдаушыларға үйде өз бетінше үйренуге материал береді, практикалық сипатын арттыру үшін бейнесабақ ретінде де ұсына алады.

Қазіргі қашықтан оқыту кезінде өңір ұстаздарына әдістемелік көмек көрсету мақсатында филиал оқытушылары онлайн семинар, вебинар, шеберлік сыныптары, дөңгелек үстелдер, консультациялар мен конференцияларды үздіксіз ұйымдастыруда. Сонымен қатар, Instagram және ZOOM парақшаларында «Дидактикалық тапсырмалар әлемі» атты онлайн марафондар өткізілуде. Бұл әдістемелік марафонға қатысушы ұстаз кеңейтілген тапсырмалар құра алуға, проблемалық тапсырманың ерекшелігін айыра білуге, танымдық дүниелердің алгоритмін құруға, сыни тұрғыдан ойлауға бағытталған тапсырмалар жасауға үйренеді.

Қорыта айтқанда, «Өрлеу» БАҰО» АҚ басқармасы басшылығы еліміздің білім саласында кеңінен қолданылып жатқан қашықтан оқыту жүйесінің сапасын арттыруға күш жұмылдыруда.

Бауыржан ЕЛЕУСІНОВ,
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
облыс бойынша
ПҚ БАИ директоры.



Абай – дана, Абай – дара қазақта

(онлайн байқау)

Облыстық ішкі саясат басқармасы және "Ашық азаматтық қоғам" ақпараттық-ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен "Абай – дана, Абай – дара қазақта" атты онлайн-байқауға облыс бойынша 700-ге жуық талапкер қатысып, бағын сынады. Байқаудың талабы бойынша ақынның өлеңдерін, қара сөздерін жатқа оқу.

Сб Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы».

Биыл қазақтың ұлы ойшыл ақыны Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл. Бұл орайда жыл басынан бері республикалық деңгейде бастау алған рухани танымдық шаралар облыс көлемінде лайықты жалғасын тауып отыр. Бүгінгі таңда елімізде жарияланған төтенше жағдайға байланысты алдын-ала жоспарланған көптеген шаралар уақытша кейінге шегерілгені белгілі. Әйтсе де хакім Абай мұрасын насихаттау шаралары әлеуметтік желі бетінде толастаған емес.

Мектепалды даярлық тобының оқушыларынан бастап мұғалімдерге дейін белсенді түрде қатысқан бұл байқауда жалпы оқырманның ғұлама ақын, замана ойшылы Абай Құнанбайұлының шығармашылығына деген қызығушылығы жоғары екені байқалды.

Онлайн байқаудың қорытындысымен, бірінші орынды Арал ауданынан Салтанат Жанабаева және Сырдария ауданынан Ақтолқын Асанова, екінші орынды Байқоныр қаласынан Алина Бәкбергенова мен Қызылорда қаласынан Фарида Бақытбек иеленсе, үшінші орынды Қызылорда қаласынан Бекзат Ешмұратов, Жалағаш ауданынан Гүлсезім Алмабек бөлісті. Сондай-ақ, "Үміт" жүлдесімен Қызылорда қаласынан Диана Айтбаева, "Жас толқын" жүлдесімен Қазалы ауданынан Нұрләулет Жәнісбекұлы, "Жарқын жұлдыз" жүлдесімен Қызылорда қаласынан Эльвира Зейнулла, "Жалын" жүлдесімен Қармақшы ауданынан Ақнұр Назарова, "Жас дарын" жүлдесімен Қармақшы ауданынан Ақнұр Тұрарбековалар марапатталды. Ал Қызылорда қаласынан Салтанат Сұлтанәхмет және Айсәуле Әділхан, Арал ауданынан Айсара Асанова да арнайы жүлделерді иеленді.

● ЕЛ ЕСІНДЕГІ ЕСІМДЕР

Өлеңі өнегемен өрнектелген

Сыр елі – қазақ әдебиетінің қайнар бұлағы. “Сыр елі – жыр елі” аталған топырақта талай ақын-жазушылар дүниеге келді. Солардың бірі сырдариялық ақын Балашбек Шағырұлы тірі болғанда 80 жасқа толар еді.

Сб Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, “Сыр бойы”.

Сыр өңірінің талантты перзенті 1940 жылы 4 мамырда Сырлария ауданы, Ақжарма ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын ұстаз болудан бастап, қолынан қаламын тастамаған қаламгер саналы ғұмырында поэзияны өзіне серік етті. Халқының жүрегіне жыр жолдарымен енген ақынның «Көктем тынысы», «Тұңғыш», «Ақжарма», «Қара шаңырақ» атты кітаптары жарық көрді.

Оның қай өлеңін алсақ та, жырларынан жылы леп еседі. Елдікке, бірлікке шақырады. Ұлттық рухтың басым екенін көресін. Мәселен, “Қарашаңырақ” өлеңі ертеректе шықса да, өзінің мазмұнымен, кейінгіге берер өнегесімен өзгеше.

Төбем – зенгір төңкерілген ніл аспан, Туырлықтай көкжиекпен ұласқан. Кербез дала керегесін кең жайып Текемет қыр қызыл-жасыл гүл ашқан.

Шырқау биік көтерілген күн көзі, Айнымған алтын шаңырақ бір өзі.

Уықтары – күннің күміс сәулесі Қараша үйге ұқсамай ма күмбезі...

Бүкіл әлемді, кең дүниені қазақтың шаңырағымен бейнелеп, ұлттық сипат берген бұл өлеңнен ақын шабытының ғаламат күші қаншалықты сезіліп тұрса, қасиетті қарашаңыраққа деген сүйіспеншілігі, патриоттық сезімі соншалықты жарқырап көрінеді.

Ақын шығармашылығында баллада, толғаулар да жетерлік. “Нар қазақ”, “Мұстафа Өзтүрік туралы жыр”, “Қасірет оғы” дастандарының қазақ поэзиясынан алар орны ерекше. Қайталанбас жырлары, өзіндік қолтаңбасы бар Балашбек ақынды қатарлас, замандастары “Сыр бойының Пушкині” атаса керек. Ақын жайлы сыр шерткен



А.Сәдібекұлының “Жыр-ғұмыр” естелігінде әдебиетке өзіндік өрнегімен келген ақынның алғашқы жыр жинағын шығару үлкен қиындық туғызғанын айтады. Соның салдарынан өлең жазуды бір кездері тоқтатқан көрінеді. “Тұңғыш” атты жинағы ақын ақын Ә.Тәжібаевтің жол сілтеуімен жарыққа шығады да, ақын шығармашылығы шарықтай бастайды.

Бүгінде ортамызда болғанда ақынның 80 жасқа толған мерей-тойы тойланар еді. Өзі болмаса да, ақын жазған өлеңдерін бүгінгі ұрпақ жатқа айтып, үлгі-өнеге тұтары хақ. Бұл – ақынға берген халықтың жоғары бағасы.

● ҚОЛДАУ

Мақтааралға көмек жөнелтті

Түркістан облысы, Мақтаарал ауданының бірқатар ауылын су басты. Өзбекстандағы су қоймасы бөгетінің бұзылуы салдарынан орын алған апат қабырғамызды қайыстырғаны рас. «Қазаны басқаның – қайғысы басқа» деген жок. Қазір ел аман, жұрт тынышта үйін тастаған елге күллі қазақстандықтар қол ұшын созуда. Сырбойлықтар да игі істен шет қалмады.

Сб Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы».

Облыстық «Жастар ресурстық орталығы» ғимаратында дер кезінде гуманитарлық көмек көрсету бойынша арнайы штаб құрылды. Аймақтағы қоғам белсенділерінің бастамасын облыс әкімдігі қолдады. «Көп түкірсе көл» деген. Нәтижесінде белсенді қала тұрғындарының, жастардың, шығармашылық қоғам өкілдерінің, бастамашыл жас кәсіпкерлер, Ассамблея хатшылығы мүшелері мен «Nur Otan» партиясы, «Жас Отан» жастар қанаты филиалының күшімен 15 тоннадан аса азық-түлік,



киім-кешек пен қажетті құрал-жабдықтар жинақталды.

Кеше «Сыр жұртынан Мақтааралға көмек» бастамасымен осы қайырымдылық автокеруені «Тағзым» алаңына жиналды.

– Қайырымдылық – қадірлі іс. Зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету әрқайсымызға парыз, барлық кәсіпкерлерді қиын тұста осы көмекке қолдау көрсетуге шақырамын, – деді жас кәсіпкер Жақсыят Исаев. Шарада айтыскер ақын, «Алтын домбыраның» екі дүркін иегері Мұхтар Ниязов арнау өлеңін оқып, өзі де керуеннің құрамында екенін айтты. Апаттан зардап шеккен бауырларымызға қолдау танытуды тоқтатпау қажеттігіне де тоқталды.

Иә, бұл – қысылтаяң сәтте бір үдеден табылатын адами қасиеттің, ең бастысы елдіктің, береке мен бірліктің белгісіндей болды. Аймақ атынан гуманитарлық көмек жолдау шарасы алдағы уақытта да жалғасын табады.

Тілсіз жаумен күресу – ортақ міндет

Қорық инспекторларының негізгі міндеттерінің бірі – қорық аумағында өртті болдырмау, оның алдын алу және болған өртті сөндіру. Жыл сайын өртке қауіпті маусым белгіленіп, ол аяқталғанша, қорық аумағында күшейтілген режимде жұмыс істеледі.

Биыл да 12-13 наурыз күндері жасалған жоспарға сәйкес оқу-жаттығу жиыны өтті.

Онда дала өртін болдырмау, оның алдын алу туралы аудандық төтенше жағдай қызметкері, алғашқы дәрігерлік жәрдем туралы аудандық емхана дәрігері, қауіпті жаппалы аурулардан сақтану туралы Арал обаға қарсы күресу станциясының қызметкері дәріс оқыды. Сондай-ақ осы жағдайда заң бұзу-

шылықтарды болдырмау мақсатында аудандық прокуратура қызметкері түсіндірме жұмысын жүргізді.

Сонымен бірге тәуліктік кезекшілік, өрт сөндіру құралдары мен автотехникалардың, байланыс құралдарының дайындықтары тексерілді. Дала өрті болған жағдайда, өзара жедел сөндіру үшін қорық маңына жақын орналасқан Жаңақұрылыс, Қа-



ратерен, Беларал ауылдық округтарымен, ондағы жеке кожалықтардың қатысуымен жоспар жасалынған. Өрт негізінен адам факторынан болады. Сол себепті халық арасында да тілсіз жаудың табиғатқа әкелетін зияны, оны болдырмау туралы үгіт-насихат жұмыстары үздіксіз

жүруде. Өртті сөндіргенше оны болдырмаған абзал. Сондықтан бұл – баршамыздың жауапкершілігіміз.

Сабыр ТӨРЕНІЗОВ, «Барсакемес мемлекеттік табиғи қорығының» инспекторы. Арал ауданы.



ПСЖ чемпион болып танылды

Францияның ПСЖ командасы футболдан өз елінің бірінші лигасының чемпионы ретінде танылды. Бұл елдегі доп додасындағы 28-тур ойындары 8 наурыз күні өтті. Біріншілікті толық аяқтау үшін клубтар тағы он ойын өткізуі тиіс болатын.

Коронавирус пандемиясына байланысты лига басшылығы ойындарды кейінге шегеруге шешім қабылдады. Дегенмен, мамандардың ортақ ұйғарымымен 2019/2020 жылғы кезеңді ерте аяқтау туралы нақты шешім шықты. Нәтижесінде ПСЖ чемпин атағына қол жеткізсе, «Олимпик» (Марсель) және «Ренн» командалары үздік үштіктен көрінді. Бұл командалар UEFA Чемпиондар лигасында бақ сынайды.

Қазір футболдан Англия, Испания, Италия, Германия біріншіліктерін жалғастыру жолдары қарастырылуда. Әзірге нақты шешім жоқ.

Ел біріншілігі қашан жалғасады?

Футболдан Қазақстан біріншілігі маусым айының басында қайта жалғасып, жанкүйерсіз өткізілуі мүмкін. Бұл мәселе Қазақстан кәсіпқой футбол лигасы мен отандық футбол клубтары басшыларының видеоконференциясында талқыланды.

Қазақстан кәсіпқой футбол лигасы 2020 жылғы Қазақстан біріншілігін қараша айына дейін аяқтау мақсатында ойындар санын қысқартуды ұсынып отыр. Бұл жағдайда қазірге дейін өткен 1 және 2 тур, мерзімі өзгерген ойындарды қоса есептегенде біріншілік екі айналым бойынша жүргізіледі. Аталған тізбе негізінде қолайлы эпидемиологиялық жағдайда біріншілік маусым айының басында жанкүйерлер қатысуынсыз қайта жалғасуы мүмкін. Ол бойынша ойындар күнтізбесінен үшінші айналым қысқартылады және турлардың өткізу мерзім жаңартылады.

Мақсат Исағабылов – түйе балуан

Қазақ күресінен өткен «Түйе балуан» онлайн турнирі аяқталды. Оған еліміздің өр өңірінен 16 балуан қатысқан.

Бұл сайыстың бір ерекшелігі – жанкүйерлер «Түйе балуанды» дауыс беру арқылы тандайды. Ақтық сында қызылордалық Мақсат Исағабыловқа 3530 жанкүйер дауыс берген.

Дайындаған **Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы».**

Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаментінің ЗК-169/5 мекемесі басшылығының азаматтарды жеке қабылдау КЕСТЕСІ

№	Лауазымы	Аты-жөні,тегі	Қабылдау күні
1	Мекеме бастығы, әділет подполковнигі	Қалымбетов Тасболат Шакенұлы	Сейсенбі сағат 15.00-17.00
2	Режим және жедел жұмыстары жөніндегі орынбасары, әділет майоры	Маханов Ерлік Бахытұлы	Сәрсенбі сағат 15.00-17.00
3	Тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, әділет майоры	Есмаханов Жалғасбай Есмаханұлы	Бейсенбі сағат 15.00-17.00
4	Жалпы сұрақтары жөніндегі орынбасары, әділет подполковнигі	Тоқтамысов Сейлхан Ермекбайұлы	Жұма сағат 15.00-17.00

ҚР Президентінің 29.12.2015 жылғы №153 Жарлығымен бекітілген ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі, 18.11.2015 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңына сәйкес, Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаментінің ЗК-169/5 мекемесінде 21-55-20 «Сенім телефоны» жұмыс істейтінін хабарлайды.

Қызылорда облыстық сотының ұжымы мен ҚР Судьялар одағының Қызылорда облыстық филиалы Қазалы аудандық сотының судьясы Тиштықбаева Гүлнар Зұлғарықызына анасы

Бығанша Тиштықбаеваның қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.